

2017 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Арал ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 15 тамыздағы № 136-қ қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 25 тамызда № 5950 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты тоқтатылды

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңының 6-бабының 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес Арал ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2017 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "2017 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" Арал ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 3 ақпандағы № 21-қ қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5731 болып тіркелген, 2017 жылдың 13 наурызында Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Арал ауданы әкімінің орынбасары Р. Өтешовке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

АУДАН ӘКІМІ

М. ОРАЗБАЕВ

Аудан әкімдігінің 2017 жылғы " 15" тамыз №
136-қ қаулысына қосымша

2017 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері

			Мектепке дейінгі ұйымдарда қаржыландырудың жан басына шаққанда ай сайынғы мөлшері (теңге)		Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы ата-ана төлемақысының ай сайынғы мөлшері (теңге)	
						Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша қызмет алатын жекеменшік
		Мектепке дейінгі тәрбие			Мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдардағы	

№	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының әкімшілік-аумақтық орналасуы	және оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны	Балабақшалар	Мектеп жанындағы толық күндік шағын-орталықтар	ата-ана төлемақысының ай сайынғы мөлшері (Алты еселенген айлық есептік көрсеткіштен артық емес)	мектепке дейінгі ұйымдардағы ата-ана төлемақысының ай сайынғы мөлшері (Он еселенген айлық есептік көрсеткіштен артық емес)
1	Арал ауданы	1908	26295	19929	13614	22690

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК